Эксперименттің нәтижелері Гиссар тұқымының қойлары жоғары өнімділікке ие және континентальды климаттық жағдайларға жақсы бейімделгендіктен, оларды еліміздің ауылшаруашылық өндірісінің қазіргі жағдайында жасанды ұрықтандырудың қолайлы әдістерін қолдана отырып өсіру экономикалық тұрғыдан тиімді деп санауға негіз береді.

Қолданылатын әдіс қой өсіру шаруашылықтарындағы отардың тұқымдық жағдайын жақсарту үшін ұсынылады.

***Түйінді сөздер:** қойды қолдан ұрықтандыру, жатыр мойны, катетер, шәует, ұрықтандыру пункт.*

Әлемдік қой шаруашылығында мал басын көбейту үшін қолдан ұрықтандыру технологиясы кеңінен қолданылады. Болашақта қой шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұлғайтуды қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі- табынның қарқынды көбеюін дамыту. Қойдың репродуктивтік көбею қабілетінің оңтайлы көрінісі үшін азықтандыру базасын жақсартумен қатар, асыл тұқымды аналық мал мен жоғары құнды өндірушілердің биологиялық резервтерін пайдалану қажет.

Өздеріңіз білетіндей, қазіргі қой шаруашылығындағы ғылыми-техникалық процестің ең тиімді бағыты қолдан ұрықтандыру болып табылады.



Г. Фрорип (1976), А. Сеглин (1976) және Г.В. Небогатиков (1973, 2000, 2002) зерттеушілер еңбегінде қойларды терең жатыр мойны арқылы ұрықтандыру ұрық дозаларын 20, 10, 5 миллионға дейін төмендетуге мүмкіндік беретіндігін көрсетті және өте жоғары нәтижелер береді.

Қойларды қолдан ұрықтандыру тәжірибесінде жатыр мойны әдісін қолдану арқылы бір эякулятпен 50-ге дейін аналық қойды сәтті ұрықтандыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары қой шаруашылығында кеңінен қолданылған сперматозоидтарды (шәуетті) енгізудің терең цервикальды әдісі, яғни жатыр мойнына терең енгізу сперматозоидтарды (шәуетті) қолдану тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. [3].

Қазақстанның басқа аймақтарында осы тұқымның өнімді популяциясын (таралымдарын) қалыптастырудың оңтайлы және экономикалық тұрғыдан тиімді технологиясы қойларды қолдан ұрықтандыру болып табылады.

- Біріншіден, төлдеу кезеңінің уақытын оңтайландырады;
- Екіншіден, қозылардың асыл тұқымын анықтауға мүмкіндік береді,
- Үшіншіден, отардың тұқымдық мәртебесін жақсартуда маңызды рөл атқарады [4].

Қазіргі кезде қойларды қолдан ұрықтандырудың әр түрлі әдістері қолданылады.

Ең қарапайым әдіс – қынаптық (вагинальды) ұрықтандыру, оның тиімділігі салыстырмалы түрде төмен деңгейде. Жатыр мойны және трансцервикальды әдістер ұрықтандырудың жоғары нәтижелерін көрсетеді, ал ең тиімдісі-лапароскопиялық ұрықтандыру. Алайда, соңғы әдістің қымбат және оны іске асыру техникалық жағынан қиын екені белгілі. Әдеби мәліметтерге сәйкес, ұрықтандырудың әртүрлі әдістерімен ұрықтандыру деңгейі келесідей болды: вагинальды-31.25%, жатыр мойны– 65-75% және лапароскопиялық – 64-69% [4].

Қой санын көбейту үшін жатырдың әр түрлі жиырылуына ықпал ететін қолдан ұрықтандырудың бірнеше әдістері қолданылатыны белгілі

Қолдан ұрықтандыру технологиясы жылына 35 мың аналықты бір қошқардың ұрығымен ұрықтандыруға мүмкіндік беретіні, ал оны өндіруші ретінде жұмыс істеген барлық кезеңінде 150 мың аналық ұрықтандыруға мүмкіндік беретіні белгілі [2].

Қойды қолдан ұрықтандыру кезінде жаңа алынған, сұйылтылған және сұйық азотта түйіршіктер түрінде мұздатылған қойдың ұрығы (спермасы) қолданылады. Көбінесе, Қазақстанда қойларды қолдан ұрықтандыру үшін арнайы құрал – шыны цилиндрден жасалған шприц-катетр қолданылады [4].

Осы жұмыстың негізгі мақсаты-Қазақстан жағдайында жоғары тұқымды тұқымдық қошқардың жаңа алынған ұрығымен аналықтарды қолдан ұрықтандыру әдіснамасын енгізу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

2020 жылдың қазан айында Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай ауылдық елді мекенде орналасқан «МАКСАТ» ЖШС-де қойларды қолдан ұрықтандыру бойынша тәжірибе жүргізілді.

1,5-2 ай бұрын ветеринариялық-санитарлық тексеруден өткізілу арқылы клиникалық сау аналық қойларды тәжірибе жасау үшін бөліп алып, мол шөпті жайылымда жайылды. Арнайы рацион арқылы азықтандырдық.

Тәжірибеде, Гиссар тұқымының салмағы шамамен 55-65 кг, 3,5-5,5 жас аралығындағы 178 аналықтарын табиғи аңшылық жағдайында, күйі келген қойларды, оларды сынама қошқарымен бөліп алдық.

Қойларды қолдан ұрықтандыру шаруашылық жағдайында стандартты талаптарға сәйкес дайындалған «Қолдан ұрықтандыру пунктінде» таңертең 7:00-ден 10:00-ге дейін және түстен кейін 15:00-ден 20:00-ге дейін күніне екі рет жүргізілді. Әрбір күйі келген аналық қойды әмбебап (универсальды) станокқа бекітіліп және визоцервикальды әдіспен шыны шприц катетер мен қынап айнасын қолдана отырып, жатыр мойны арқылы ұрықтандырылды. Ұрықтану деңгейін анықтау мақсатында ұрықтандырудан кейінгі 10-шы күннен бастап отарға сынама қошқар жіберіліп, күйі қайта келген аналық қойлар анықталды.



Тәжірибе нәтижесінде Түркістан облысы Бәйдібек ауданы, Боралдай елді мекеніндегі орналасқан "Мақсат" ЖШС-нің қошқарларындағы барлық тәжірибелік топтардың эякулят көлемі 0,79-дан 1,1 мл-ге дейін өсті. Нәтижесінде сперматозоидтардың жалпы саны бақылаудағы 2,2 млрд / мл-ден 4,4-млрд / мл-ге дейін өсті. Қошқарлардан жаңадан алынған ұрықты бағалау нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Кестеден көрініп тұрғандай, сперматозоидтардың көлемі мен концентрациясы жеткілікті жоғары деңгейде және барлық асыл тұқымды қошқарлардың сперматозоидтардың орташа қозғалғыштығы 8 баллды құрады, бұл қойларды қолдан ұрықтандыру кезінде қолдануға жарамды.

1-кесте- Гиссар тұқымды қошқарлардың жаңа алынған шәуетінің сапасы

Қошқардың нөмірі	Эякуляттың көлемі, мл	Концентрациясы млрд. / мл	Резистенттілігі, мың
KZ13.... 5612	1,20±0,07	2,1±0,10	38,4±0,70
KZ13.... 5613	0,96±0,04	1,8±0,09	33,2±0,80
KZ13.... 5614	1,11±0,007	1,9±0,07	32,4±0,70
KZ13.... 5615	1,30±0,08	1,2±0,06	31,3±0,06

Қазіргі уақытта қойларды жасанды ұрықтандыру жатыр мойны (цервикальдық) әдісімен жүзеге асырылады. Күйі келген (жыныстық аңшылықтағы) қойларды жасанды ұрықтандырудың дәстүрлі әдістерімен шәует (ұрық) дозасын жатыр мойнына каналына енгізіледі және 100 миллиондаған сперматозоидтар жұмсалады.

Айта кету керек, әсіресе жатыр мойны каналының құрылымы ерекше және оның терең бөліктерінде ұрықтандыру катетерлері кейде шәует (ұрық) дозасын енгізу мүмкін емес. Алайда, қойдың жыныс жолдарында сперматозоидтардың ұрықтандыру қабілетін сақтау шарттары барлық жерде бірдей бола бермейді, сондықтан 1 миллионнан астам сперма жұмыртқаға келеді, тіпті қошқармен табиғи жұптасқан кезде бір эякуляциядан 1 мл-де 1,0-ден 1,5 миллиардқа дейін сперма шығарады [3].

Қолдан ұрықтандырудың сәтті өтуі көптеген себептерге байланысты. Негізгі себебі жоғары дамыған көлденең қатпарлардан тұратын жатыр мойны каналына ұрықтың терең енуі әсер етеді. Шприц-катетерді әрдайым жатыр мойнының каналына енгізу мүмкін емес. Егер сперматозоидтарды бірінші көлденең қатпар аймағына енгізілсе, онда сперматозоидтардың жағдайы қынаптағыға ұқсас болады.

Қойларға сперматозоидтарды жатыр мойнына терең енгізу сперматозоидтардағы ұрықтандыру қабілетін ұзақ уақыт сақтауға ықпал етеді. Зерттеуде аналық қойлардың анатомопографиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, жатыр мойны каналына 3-4 см бұралатын бұрандалы ұшы бар ұрықтандыратын катетерлерді қолдандық.

Қойларды қолдан ұрықтандыру кезінде жыныс жолының әртүрлі бөліктеріне ұрықты (шәуетті) енгізу нәтижесі 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте-Жыныс жолдарына ұрықты (шәуетті) енгізу орнына байланысты ұрықтандыру

Ұрықты енгізу орны	Ұрықтануға алынған қой саны	Олардың ішінде	Пайыздық көрсеткіштері, %
Қынаптық	36	16	44,4
Жатыр мойын 4 см	40	35	75
Жатыр денесі	32	23	71,8
Жатыр мойын 1,5 см	70	44	62,8

Бұрандалы ұшы бар шприц-катетерді қолдана отырып, жаңадан алынған шәуетті эксперименттік бір рет енгізу (1-кесте) ұрықты жатыр мойнына терең енгізу, яғни шәуетті терең цервикальды енгізу кезінде, бірінші әрекеттен ұрықтандырудың 95% - ын алуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Шәуетті жатыр мойнына және жатырға терең енгізу қойдағы ұрықтандырудың артуына ықпал етеді.

Жарық беретін аппарат пен қынаптық кеңейткіштерді пайдалана отырып, жаңадан алынған шәуетпен қойларды жасанды ұрықтандырғаннан кейін жатыр мойнының әртүрлі



аймақтарына (бөліктеріне, учаскелеріне) енгізген кезде ұрықтану 67,5; 63,3; 58,7% - да байқалды.

Шәуәтті жатыр мойнына терең енгізу аналық қойлардың ұрықтануының жоғарылауына ықпал етті. Дозадағы сперма санының азаюымен ұрықтану төмендеді. Жатыр мойнына 2,5 см тереңдікте енгізу 63,3% нәтиже берсе, ал 0,5-1,5 см тереңдікте енгізу 48,6%; 44,4%; 38,55% нәтижеге тең болды.

Нәтижелер және талқылау

Шыны шприц катетерін қолданып, Гиссар тұқымының қошқарымен жаңа алынған шәуәтпен аналықтарды қолдан ұрықтандыру тәжірибесі жоғары тиімділікті көрсетті.

Тәжірибе нәтижесі бойынша ұрықтандырылған аналық қойлардың ішінен тек 9 қойдың күйі қайта келіп, тағы қосымша ұрықтандырдық. Осылайша, тәжірибедегі болжамды деңгейі 95% құрады.

Жоғарыда айтылғандар мен эксперименттің нәтижелері Гиссар тұқымының қойлары жоғары өнімділікке ие және континентальды климаттық жағдайларға жақсы бейімделгендіктен, оларды еліміздің ауылшаруашылық өндірісінің қазіргі жағдайында жасанды ұрықтандырудың қолайлы әдістерін қолдана отырып өсіру экономикалық тұрғыдан тиімді деп санауға негіз береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Barillet F. et.al. (1993). Genetic evaluation of the Lacaune, Manech and Sarda dairy sheep with Animal Model, Proceedings of 5th International Symposium on Machine Milking of Small Ruminants /Ed.: Kukovics S./, Hungary, May 1993, 289-303.

2. Небогатиков, Г.В. Биологические основы и дальнейшее развитие искусственного осеменения овец [Текст]: учеб. пособие / Г.В. Небогатиков. – Волгоград: Перемена, 1998. – 70 с.

3. Небогатиков, Г.В. Практикум по акушерству, гинекологии и биотехнике размножения животных [Текст]: учеб. пособие / Г.В. Небогатиков. – Москва: Мир, 2005. – 280 с.

4. В.С. Шипилова и др. Ветеринарное акушерство и гинекология. – М.: Агропромиздат, 1986. – 53 с.

Внеурочная деятельность лицестов

Шоманова Нурбану Каукеновна

Учитель-исследователь,

Специализированный лицей «Арыстан» село Бескайнар Алматинской области

Аннотация: в статье анализируются виды внеурочной деятельности лицестов и раскрыта роль учителя в данной работе. Автор приводит примеры из своего опыта работы. Также в статье описаны виды проектных работ.

Ключевые слова: внеурочная деятельность, научный проект, виды проектов.

Все чаще и чаще мы задумываемся над тем, почему учащиеся постепенно теряют интерес к предметам. Тем более, если этот предмет не «ЕНТшный», как говорят сами ребята. Что же необходимо нашим ученикам? Как закрепить полученные знания? Как приобрести дополнительные знания? Огромное количество вопросов мы можем поставить перед самим собой, но решить их без внеурочной деятельности просто не представляется возможным. Благодаря взаимосвязи классно - урочной системы и внеклассной деятельности нами достигаются большие результаты. В чем разница между различными видами деятельности? Во-первых: под учебно - исследовательской деятельностью подразумевается овладение технологией творчества, знакомство с техникой эксперимента, с научной литературой, процесс



приобретения новых знаний, умений и навыков. Во – вторых: под исследовательской компетентностью мы подразумеваем способность учащихся непосредственно управлять своей познавательной деятельностью от постановки цели, учебной задачи, выбора способов, до контроля и оценки полученного результата ключевым компонентом ее продуктивности.

В нашем лицее практическое решение данной проблемы реализуется через создание педагогических условий и разработку мероприятий по организации исследовательской деятельности учащихся. Учебно - исследовательская работа по биологии организуется по двум направлениям:

1. Урочная учебно-исследовательская деятельность учащихся: проблемные уроки, семинары, практические и лабораторные занятия, урочные проекты. В данном учебном году в связи с дистанционным обучением, защита презентации дана только 11-ти классникам. Цель - научить ребят выступать перед аудиторией, уметь отвечать на поставленные вопросы, аргументировать свои мысли, адекватно относиться к критике и т.д.

2. Внеурочная учебно-исследовательская деятельность учащихся, которая является логическим продолжением урочной деятельности: научно - исследовательская работа, долгосрочные проекты, видеофильмы, спектакли. В начале учебного года вывешиваю на доске объявлений темы мини проектов. После зимних каникул заслушиваем ребят, так в лицее проводить некоторые работы нет возможности и времени. Иногда работы выполняются группой, ребята выходят на видео звонки, делят работу по пунктам и т.д.. Обязательное условие, которое должен выполнить учитель - это необходимо разъяснить лицеистам суть работы.

Проблема активизации познавательного интереса у школьников - один из ключевых вопросов современного образования. Обществу нужен выпускник, самостоятельно мыслящий, умеющий видеть и творчески решать возникающие проблемы, и задача учителя состоит в том, чтобы рассмотреть и развить способности каждого ученика, подготовить почву для того, чтобы эти способности были реализованы.

Жажда открытия, стремление проникнуть в самые сокровенные тайны бытия рождаются ещё на школьной скамье. Мы прекрасно знаем, что уже в начальной школе можно встретить таких учеников, которых не удовлетворяет работа со школьным учебником, им неинтересна работа на уроке, они читают словари и специальную литературу, ищут ответы на свои вопросы в различных областях знаний. Поэтому так важно именно в школе выявить всех, кто интересуется различными областями науки и техники, помочь претворить в жизнь их планы и мечты, вывести школьников на дорогу поиска в науке, в жизни, помочь наиболее полно раскрыть свои способности. Для этой цели в школе организована внеурочная работа. Главная задача ее – дать ученику возможность развить свой интеллект в самостоятельной творческой деятельности, с учетом индивидуальных особенностей и склонностей. При этом существует главное правило участия – никакого принуждения и насилия над личностью ребёнка.

Как сделать так, чтобы талант учащихся имел возможность развиваться и совершенствоваться? Для этого необходимо начинать работу с учащимися как можно раньше, и внеурочная работа с учащимися, ее организация и деятельность, - одна из главных ступеней этого процесса.

В моей деятельности, как учителя биологии, внеурочная работа занимает важное место. Содержание внеурочной работы значительно выходит за рамки учебной программы и определяется интересами учащихся, что позволяет значительно расширить и углубить знания, применять их в жизненных ситуациях. Даже сейчас, обучаясь дистанционно, мы, то есть я и лицеист 10 класса Прохоров А. начали работу над весьма интересной темой.

Все проекты, подготовленные учащимися в результате кропотливой работы, заслушиваются как внутри лицея, так и на областных и республиканских конкурсах, занимают призовые места.

Всегда внеурочная работа занимала важное место, содержание которой значительно выходит за рамки учебной программы. Для себя я решаю вопрос занятости детей в объединении дополнительного образования - это развитие интереса к творческой и



исследовательской работе, привития навыков работы с различного рода информацией с целью повышения интереса к биологии и экологии. В своей практике использую несколько видов проектов.

- Это, во-первых, информационные поисковые проекты, предполагающие сбор и анализ информации, подготовку и защиту выступления. Благодаря такой работе в кабинете биологии накапливается материал в виде докладов и рефератов для подготовки к урокам, дополнительным занятиям, конкурсам, олимпиадам.

- Во-вторых, исследовательские, нацеливающие учащихся на глубокое изучение проблемы, защиту собственных путей ее решения, выдвижение гипотез. Проекты такого рода позволяют сформировать и развить у учеников научный тип мышления, способствуют профессиональному самоопределению.

Многим ребятам мало информации учебника, в рамках обычного традиционного урока. Именно проектная деятельность даёт возможность ученикам выражать собственные идеи, а не просто красиво излагать идеи и мысли учебника. Создаются условия для свободы выражения мысли и осмысления воспринимаемого. Дети часто приходят с волнующими их вопросами на перемене, просят организовать дополнительные занятия. Особенно учащиеся интересуются исследовательской деятельностью, связанной с микроскопом и микропрепарата.

Убеждена, что проектная деятельность способствует формированию субъектных отношений между учителем и учениками. Я выступаю как равноправный участник процесса добывания, обработки, анализа и представления знаний школьниками. Совместная деятельность помогает мне накопить новые знания, а ученикам интегрировать знания и умения, а затем применить в практической деятельности. Все это способствует расширению образовательного пространства. Идея проекта всегда "созревает" в головах учащихся, я только помогаю им осознать необходимость такого вида деятельности. В результате получаю большой эмоциональный отклик. Никого не надо заставлять, убеждать в необходимости работать.

Список литературы

1. Верзилин Н. М., Корсунская В. М. "Общая методика преподавания биологии". М.: Просвещение. – 1983
2. Евдокимова Р. М. "Внеклассная работа по биологии". Саратов. - 2005.

Отбасы қатынастарының кейбір ғылыми-теориялық аспектілері

Якупова Асем Еркінқызы, 2 курс магистранты

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі:

PhD докторы Жумагулов Тимур Байжуманович

Ең алдымен некеге тұрудың басты себебі болып табылатын «отбасы» ұғымына анықтама беріп кетейік. Отбасы латын тіліндегі «familia» сөзінен шыққан, бірінші мағынасы отбасы болса, екіншісі Ежелгі Римде отбасылық шаруашылық құқықтық бірлікті білдіреді. Отбасы деп – некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы аталады. Отбасы мүшелері әдетте бір үйде тұрады.

Көптеген мемлекеттердің отбасы заңнамасына сәйкес неке — бір-біріне және балаларына қатысты құқықтар мен міндеттер тудыратын әйел мен еркектің одағы болып табылады. Неке



ағылшындардың қолданатын «marriage» сөзіне жақын фр.тіліндегі «mariage» сөзінен шыққан. Ол неке, той деген мағыналарға ие.

Заң әдебиеттерінде некенің анықтамасына байланысты әр түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Мысалы Матвеев Г.К. былай дейді: «Неке – ерлі-зайыптылардың арасында өзара жеке және мүлдітік құқықтар мен міндеттер туғызатын, заңда бекітілген шарттар мен тәртіпке негізделі отырып жасалған еркек пен әйелдің тең құқылы және ерікті одағы» [1, 21], немесе Л.П. Ануфриевтің берген анықтамасына сәйкес, «Неке – әйел мен еркектің заңда бекітілген тәртіп пен талаптарды сақтай отырып, отбасын құруға ниеттенген және ерлі-зайыптылардың арасында өзара жеке, мүлдітік құқықтар мен міндеттер туғызатын еркек пен әйелдің мәңгілікке қиған тең құқылы және ерікті одағы» [2, 119]. Сол сияқты Марокко патшалығының жеке және мұрагерлік құқықтар туралы заңдар кодексінің 1-бабына сәйкес неке анықтамасы келесідей: «Неке – ерлі-зайыптылардың ұзақ мерзімге қиған заңды міндеттемесі». Бұл анықтамада да некенің отбасы құқығының ерекше бір институты ретінде қарастырыла алатындығын байқауға болады.

Әдетте ерлі-зайыптылардың арақатынасына байланысты белгілер айтылады, бірақ кейбір белгілер жалпы болып табылады, яғни некеге тұру туралы келісімге де, ерлі-зайыптылардың арақатынасына да қатысты болады.

Әрине әр мемлекетте бұл ұғым әр түрлі анықталады. Мысалы, бір АҚШ-тың өзінде бұл ұғым әр түрлі анықтамаға ие. Батыс Ирландияның қарапайым отбасылары, Тробриан аралдарындағы және израильдік кибуцтарындағы отбасы өмірінің ерекшеліктері жайында жүргізілген зерттеулер дәлелдегендей, бір қоғамда сұмпайы көрінген дәстүр, екінші бір қоғамда әдеттегі жағдай болып саналады.

Түрлі қоғамдардағы отбасы құрылымдарын социологтар мен антропологтар параметр бойынша салыстырады: отбасы нысаны, неке нысаны, билікті бөлу үлгісі, серік таңдау және тұрғылықты жер таңдау, мүлдіктің пайда болуы мен мұраны иелену тәсілдері.

Аталған тізімдегі неке нысанына тоқталайық. Ирландық шаруалар Тробриан аралының тұрғындары және израильдік кибуцта мүшелерінің арасында некенің негізгі нысаны моногамды, яғни бір еркек пен бір әйелдің арасындағы неке ғана орын алған. Дегенмен де некенің басқа да нысандарының орын алғандығы жөнінде мәліметтер бар.

Теория жүзінде неке нысанына қарай төмендегідей болып бөлінеді:

Полигамия – бір және бірнеше тұлғалар арасында қиылған неке. Ол 2-ге бөлінеді:

- полигиния – бір еркек пен бірнеше әйелдің арасындағы неке

- полиандрия – бір әйел мен бірнеше еркектің арасындағы неке

Некенің тағы бір нысаны – топтық неке, яғни бірнеше еркек пен бірнеше әйелдің арасындағы неке.

Некенің бір немесе екінші түрінің орын алуына қандай факторлар әсер етеді? Кейбір ғалымдар белгілі бір қоғамдағы экономикалық факторларға көңіл аударады. Мысалы, Тибетте отбасына тиесілі жер барлық балаларына мұрагерлік бойынша беріледі. Жер жекелеген учаскілерге бөлінбегендіктен, бір отбасынан шыққан балалар жерді ортақтаса пайдаланады және әйелдері де барлығына ортақ болады.

Неке нысанына экономикалық факторлардан басқа да факторлар әсер етеді және олардың маңызы зор. Мысалы, полигиния соғыста көптеген ер азаматтар қайтыс болған қоғамдағы әйелдер үшін тиімді.

Ұнамды және халық арасында ең көп тараған некенің түрі моногамия, яғни бір еркек пен бір әйелдің арасындағы неке. Антропологтар некенің барлық түріне рұқсат етілген қоғамдардың да бар екендігін айтады. Бірақ адамдардың көбі моногамияны таңдайды. Ғалымдардың ойынша халықтың ондай қорытындыға келуіне экономикалық факторлар әсер етеді.

Бір елдің заңнамасына сәйкес заңды болып табылатын, ал басқа мемлекетте керісінше заңсыз болып табылатын неке түрлері де бар [3, 51].

Сондай-ақ неке, жарамды, жарамсыз және даулы болуы мүмкін. Неке ерлі-зайыптылардың біреуі үшінші бір тұлғамен жарамды некеде тұрса, онда ол жарамсыз болып табылады.



Даулы некелерге, қандай да бір маңызды қателердің салдарынан немесе өтірік айтудың әсерінен қиылған некелерді жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасында көптеген мемлекеттердегідей моногамды неке ғана танылады, алайда полигамды некені де танитын мемлекеттер аз емес. Қазіргі таңда мемлекеттердің құқықтық жүйелері некенің бір моделін ғана таңдап отыр. Континенталды және англо-американдық жүйелер моногамды некені, мұсылмандық құқыққа ие елдер мен Африка елдері полигамды некені заңды деп таниды. Алайда құқықтық нормалар мен әдет-ғұрыптың өзара сіңісуі неке одағының екі моделін де тануға әкеп соқтырды. Америка және Европа елдерінде түрлі сексуалдық топтардың көбеюіне байланысты бір жынысты (әйел мен әйел немесе еркек пен еркектің арасындағы неке) тұлғалардың некелерін тіркеу керектігі жөнінде пікірлер айтылуда. Ал бұл, неке табиғатына мүлдем қайшы келеді. Бірақ қазіргі таңда мұндай неке түріне заңмен рұқсат ететін Голландия секілді елдер де бар.

Мысалы, Ресей Федерациясының заңнамасында бекітілген еріктілік принципі некенің қиылуы немесе некенің бұзылуы секілді жағдайларда тараптардың еркін білдіреді. Психикалық, физикалық зорлауға немесе жергілікті дәстүрге негізделген неке жарамсыз болып танылады.

Қазақстан Республикасында бекітілген еркек пен әйелдің құқықтарының теңдігі қағидасына сәйкес төмендегілерді айтуға болады.

Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерін таңдауға ерікті. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өсіп жетілуіне және олардың әл ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті [4].

Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылар өз тілектері бойынша ортақ тек ретінде өздерінің біреуінің тегін таңдап алады не ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзінің некеге тұрғанға дейінгі тегін сақтап қалады, не өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосады. Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болса, тектерді қосуға жол берілмейді. Ерлі-зайыптылардың біреуінің тегін өзгертуі екінші жұбайдың тегін өзгертуіне әкеп соқпайды. Неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылар ортақ текті сақтауға немесе өздерінің некеге тұрғанға дейінгі тегін қалпына келтіруге құқылы.

Қарастырылып отырған тақырыптың маңыздылығы келесі жағдайлармен анықталады. Бүгінгі таңда неке қатынастары тек біздің мемлекетіміздің шеңберінде ғана емес, бүкіл әлемде кең өріс алуда. Некесіз қатынастардың, жалған некелердің, толық емес отбасыларының саны артуда. Кейде отбасы дағдарысының белгілері ретінде қарастырылатын осындай құбылыстарды қазіргі индустриалдық қоғамның, Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының және әлеуметтік экономикалық өмірдің жалпы талаптарына сай отбасының жаңа түрінің пайда болуы деп айтсақ дұрысырақ болады.

Құқықтық көзқарас бойынша шетелдік элементпен күрделенген неке қатынастары мәселесі әрі қызық әрі өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Өйткені мұнда қарастырылып отырған мәселені реттеуге ұлттық немесе шетелдік заңнамаға сілтеме жасайтын коллизиялық нормалардың толық әрі жеткілікті білімі қажет етіледі. Шетелдік элементпен күрделенген неке қатынастарының құқықтық режимін анықтау кезінде шетелдік заңнаманы білу маңызды болып табылады, себебі көп жағдайда шетелдік құқық қолданылады.

Осындай мәселелердің шешілуіне осы саладағы қағидалар мен әлемдік стандарттарға жауап беретін заңнамалық база өз септігін тигізуі қажет.

Адам құқықтарын сыйлау қағидасы халықаралық құқықтың басты қағидаларының бірі болып табылады. Адам құқықтары тұлға тұратын елдің заңдарымен көзделген экономикалық, саяси, әлеуметтік, азаматтық және мәдени құқықтары және бостандықтарымен анықталады. Бұл құқықтар мен бостандықтар сипаты, белгілі бір мемлекеттің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылысымен және оның заңнамасымен анықталады.



Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адам құқықтарын қорғау саласында маңызды өзгерістер пайда бола бастады. 1945жылы Сан-Франциско конференциясында қабылданған БҰҰ Жарғысында экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық дауларды шешу үшін халықаралық әріптестікті жүзеге асыру және ұлтына, жынысына, тілі мен діни нанымына қарамастан барлығының құқықтары мен негізгі бостандықтарын сыйлау мен қолдау мақсатында БҰҰ ереже енгізді.

Әйелдің құқығын шектеген және оны еркекке бағындырған авторитарлық отбасының қатаң құрылымы демократиялық неке қатынастарымен орын алмастырды. Бірақ неке қатынастарының оңай бұзылуы, отбасының сыртқы әсерге тез беріліп әлсізденуіне әкеп соқтырды. Отбасы өзгерістерге ұшырай отырып көптеген жаңа қиындықтарға тап болғанымен де өзінің құндылығын ешқашанда жоғалтқан емес.

Әр адамның өмірі үшін, қоғам мен мемлекет үшін отбасының қаншалықты маңызды екенін барлығымыз да білеміз. Әр адам үшін тек отбасы ғана махаббаттың, сүйіспеншіліктің, адалдық пен қолдаудың көзі болып табылады. Отбасында шыдамдылықтың, рухани байлықтың және ізгіліктің негізі қаланады. Берік отбасы ғана, кез-келген қоғамның гүлденуінің, өсуінің және тұрақтылығының кепілі бола алады.

Отбасы әлеуметтік бірлік ретінде, әрдайым әлемдік дамудың басты элементтерінің бірі ретінде қарастырылған. Отбасының басымдылығы идеологиясы, қоғам мен адамның өмір сүруі және дамуы үшін отбасының қажетті құндылығы көптеген нормативтік актілерде бекітілген. Осы құжаттардың негізгі ережелерінің бірі, отбасы институтының қоғам тарапынан қорғалуы, барлық мемлекеттердің ұлттық отбасы саясатын жетілдіруі болып табылады. Отбасы саясатының алдына қойған негізгі мақсаты қоғам дамуының күрделі мәселелерін шешу барысында отбасы мүмкіндіктерін қоғамдық институт ретінде белсенді пайдалануға жағдай жасайтын технологиялар мен механизмдерді жетілдіру болуы тиіс.

Отбасы әлеуметтік жүйе ретінде өзінің болмысын қатынастардың нақты түрлері арқылы жүзеге асырады және осындай отбасы-неке қатынастары қоғам өмірінің негізгі заңы – конституциямен реттеледі және қорғалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Матвеев Г.К. Советское семейное право. М., 1978. – 240 с.
2. Ануфриев Л.П. Международное частное право. – М., 2004. – 546 с.
3. Ибраева А.К. Отбасы қатынастардың кейбір мәселелері туралы // Заң және заман. – 2010. - № 5. – Б. 51-57
4. 2011 жылғы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі // www.e.gov.kz



Требования к содержанию и оформлению

Авторские права.

Высылая материалы, автор гарантирует, что

- по данной работе у автора нет обязательств перед третьими лицами, препятствующими размещению материалов;

- отправляя материал для публикации в журнале, Вы подтверждаете, что права на нее принадлежат Вам, и если возникнут проблемы с соблюдением авторских прав, то обязуетесь разрешать их самостоятельно;

Требования к содержанию и оформлению статей:

1. В структуру статьи должны входить: заглавие статьи; ФИО автора/ов; занимаемая должность; название учреждения; город/район; текст статьи; список литературы, который должен содержать лишь цитируемые в тексте работы.

2. Заглавие статьи должно быть информативным, лаконичным.

3. Статья предоставляется в редакцию журнала в электронном виде.

4. Объем статьи не должен превышать **4 страниц** формата А4, страницы должны быть целиком заполнены текстом. Шрифт 14 Times New Roman, интервал – 1,0. Поля: слева, справа, сверху, снизу – 2 см, включая таблицы, схемы, рисунки и список литературы.

5. Все формулы должны набираться в «Редакторе формул» в текстовом редакторе Word.

6. Все графики и диаграммы и прочие выстраиваемые объекты должны быть снабжены числовыми данными, обеспечивающими при необходимости их (графиков, диаграмм) достоверное воспроизведение, размер шрифта-12 пт.

7. Табличные сноски располагаются под таблицей.

8. Список литературы оформляется в конце статьи.

9. Статья сопровождается краткими аннотациями (5-7 предложений), содержащими информацию о тематике и проблематике статьи, цели ее написания.

10. Ответственность за содержание статьи несут авторы.

11. Редакционная коллегия оставляет за собой право публикации или отклонения статьи.

12. Материалы авторам не возвращаются.

13. Статьи, оформленные с нарушением требований, к регистрации не принимаются.

14. Фото не помещать в текст (сохранять отдельно в формате JPG с нумерацией от №1, №2). В тексте статьи указывать номер фото, выделяя жирным шрифтом.

15. В отдельном от статьи файле (Заявка) указываются сведения об авторе: ФИО, учёная степень, учёное звание, занимаемая должность, название учреждения, домашний адрес, контактные телефоны, e-mail.

16. Можно приложить качественную фотографию автора (в электронном виде).

17. Редакционная коллегия имеет право вернуть на доработку автору материалы при невыполнении предъявляемых требований, наличии орфографических, грамматических и стилистических ошибок, отрицательной рецензии.

18. Статья обязана сопровождаться Рецензией, с подписью автора и печатью учреждения, в которой работает рецензент (авторами рецензии могут быть, руководители МО, методисты, ППС института или вуза)

19. Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес **ziat.journal@mail.ru**

Требования к содержанию и оформлению методической разработки:

1. Представляемый материал (методическая разработка, конспекты) должен являться оригиналом, неопубликованным ранее в других печатных изданиях.

2. Первая страница должна содержать следующую информацию: заглавие, фамилию, имя автора, место работы (наименование организации) автора, далее следует текст.

3. В конце метод.разработки должен быть приведен список использованной литературы.

4. Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес ziat.journal@mail.ru в формате «Microsoft Word».

5. Объем текста не должен превышать **4 страниц** формата А4. Набор текста должен быть осуществлен с учетом соблюдения общепринятых стандартов (абзацные отступы, «одинарный» межстрочный интервал и тп.), тип шрифта «Times New Roman», шрифт 14, интервал – 1,0. Поля: слева, справа, сверху, снизу – 2 см.

6. Ответственность за содержание материала несут авторы.

7. Методические разработки, оформленные без соблюдения данных требований не принимаются к публикации.

8. При наличии редакционных замечаний материал так же возвращается автору на доработку.



Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

Авторлық құқық.

материалды ұсынғанда, автор кепілдік береді

- осы жұмыс бойынша авторда материалдарды орналастыруға кедергі келтіретін үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелер жоқ;

- журналға материалды жариялауға жібере отырып, сіз оған деген құқық Сізге тиесілі екенін растайсыз, егер авторлық құқықты сақтауда проблемалар туындаса, оларды өз бетінше шешуге міндеттенесіз;

Мақалалардың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар:

1. Мақала құрылымына: мақаланың атауы; автордың аты-жөні; атқаратын қызметі; мекеменің атауы; қала/аудан; мақала мәтіні; тек жұмыс мәтінінде дәйексөз келтірілетін әдебиеттер тізімі кіреді.

2. Мақаланың тақырыбы ақпаратқа толы, жинақы болуы керек.

3. Мақала журнал редакциясына электронды түрде ұсынылады.

4. Мақала көлемі А4 форматындағы 4 беттен аспауы тиіс, беттер толық мәтінмен толтырылуы тиіс. Қаріп 14 Times New Roman, интервал – 1,0. Өрістер: сол, оң, жоғарғы, төменгі – 2 см, кестелерді, сызбаларды, суреттерді және әдебиеттер тізімін қоса алғанда.

5. Барлық формулалар Word мәтіндік редакторында "Формулалар редакторында" терілуі тиіс.

6. Барлық кестелер мен диаграммалар және өзге де құрылатын объектілер сандық деректермен жабдықталуы тиіс, қаріп мөлшері-12 пт.

7. Кестелік сілтемелер кестенің астына орналастырылады.

8. Әдебиеттер тізімі мақала соңында ресімделеді

9. Мақала тақырыбы мен мәселесі, оны жазу мақсаты туралы ақпаратты қамтитын қысқаша аннотациялармен (5-7 сөйлем) сүйемелденеді.

10. Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.

12. Редакциялық алқа мақалаларды жариялау немесе қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

12. Материалдар авторларға қайтарылмайды.

13. Талаптар сай келмейтін мақалалар тіркеуге қабылданбайды.

14. Суретті мәтінге орналастырмау (№1, №2 нөмірленген JPG форматында жеке сақтау). Мақала мәтінінде Фото нөмірін жазып көрсеті қажет.

15. Мақаладан бөлек файлда (өтінім) автор туралы мәліметтер көрсетіледі: аты-жөні, оқу дәрежесі, оқу атағы, атқаратын қызметі, мекеменің атауы, мекен-жайы, байланыс телефондары, e-mail.

16. Автордың сапалы суретін (электронды түрде) қоса беруге болады.

17. Редакциялық алқа қойылатын талаптар орындалмаған, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателер, теріс рецензиялар болған кезде материалдарды авторға толықтыруға, өзгертуге қайтаруға құқылы.

18. Мақалаға рецензия жазылуы керек, онда рецензия жазған автордың қолы және рецензент жұмыс істейтін мекеменің мөрі қойылуы қажет (рецензияның авторлары ӘБ жетекшілері, әдіскерлер, институттың немесе ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы болуы мүмкін).

19. Материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде электронды мекен-жайға ұсынылады **ziat.journal@mail.ru**

Әдістемелік әзірлемелердің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар:

1. Ұсынылатын материал (әдістемелік әзірleme, конспектілер) бұрын басқа баспа басылымдарында жарияланбаған болуы тиіс.

2. Бірінші бетте мынадай ақпарат болуы тиіс: материал тақырыбы, тегі, аты, жұмыс орны (ұйымның атауы), әрі қарай мәтін жазылады.

3. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі келтірілуі тиіс.

4. Материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде "Microsoft Word" форматында электронды мекен-жайға ұсынылады **ziat.journal@mail.ru**.

5. Мәтін көлемі А4 форматындағы 4 беттен аспауы тиіс. Мәтін терімі жалпы қабылданған стандарттарды (абзацтық шегіністер, жоларалық "бір" интервал және т.б) сақтауды есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс.), "Times New Roman" шрифтінің түрі, 14 шрифт, интервал – 1,0.

6. Материалдың мазмұнына авторлар жауапты

7. Осы талаптарды сақтамай ресімделген әдістемелік әзірлемелер жарияланымға қабылданбайды.

8. Орталық қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателер, болған кезде материалдарды авторға толықтыруға, өзгертуге қайтаруға құқылы.